

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 395-IV Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат):

93-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Акционерлік қоғам шаруашылық серіктестігі, өндірістік кооператив немесе «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес білім беру ұйымы болып қайта құрылуға құқылы.»

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы екі жүз екінші абзацпен толықтырылсын:  
«156-1-бап. Дербес білім беру ұйымдарын дамыту үшін құрылтайшының нысаналы салымын салу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестицияларды жоспарлау»;

2) 3-баптың 1-тармағының 16) тармақшасы «ұлғайту,» деген сөзден кейін «дербес білім беру ұйымдарын дамыту үшін құрылтайшының нысаналы салымын салу,» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 41-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:  
«1. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға, дербес білім беру ұйымдарына және олардың ұйымдарына мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған жекелеген мемлекеттік қызметтер көрсетуіне, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруына және басқа да міндеттерді орындауына арналған, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тапсырыс мемлекеттік тапсырма болып табылады.»;

4) 151-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы «қатысуы арқылы жүзеге асырылады.» деген сөздер «қатысуы;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) дербес білім беру ұйымдарын дамыту үшін құрылтайшының нысаналы салымын салу арқылы жүзеге асырылады.»;

5) 30-тарау мынадай мазмұндағы 156-1-баппен толықтырылсын:

«156-1-бап. Дербес білім беру ұйымдарын дамыту үшін құрылтайшының нысаналы салымын салу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестицияларды жоспарлау

1. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес білім беру ұйымдарын дамыту үшін құрылтайшының нысаналы салымын салу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестицияларды жоспарлау осы Кодекстің 152-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Дербес білім беру ұйымдарын дамыту үшін құрылтайшының нысаналы салымын салу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялар бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілері арқылы жүргізіледі.

3. Осы баптың 4-тармағын қоспағанда, дербес білім беру ұйымдарын дамыту үшін құрылтайшының нысаналы салымын салу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестицияларды іске асыру осы Кодекстің 157-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Дербес білім беру ұйымдарын дамыту үшін құрылтайшының нысаналы салымын салу тек қана дербес білім беру ұйымдарының және олардың ұйымдарының қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін қордың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын коммерциялық емес ұйымға жарна арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Дербес білім беру ұйымдарын дамыту үшін құрылтайшының нысаналы салымын

аталған қорға жарна арқылы салу жолымен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және іске асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.».

3. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, № 22-II, 112-құжат ; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат ; 2010 жылғы 27 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2010 жылғы 4 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы бір жүз алпыс бесінші абзацпен толықтырылсын:  
«135-1-бап. Дербес білім беру ұйымдарына салық салу»;

2) 35-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы «135,» деген цифрлардан кейін «135-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

3) 133-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы «шығыстарды азайтуға құқығы бар.» деген сөздер «шығыстарды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақша мен толықтырылсын:

«4) осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағында айқындалған дербес білім беру ұйымдарына өтеусіз негізде берілген мүліктің құнын азайтуға құқығы бар.»;

4) 12-тарау мынадай мазмұндағы 135-1-баппен толықтырылсын:

«135-1-бап. Дербес білім беру ұйымдарына салық салу

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін:

1) осы тармақтың 2) - 4) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымдарын қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының бастамасы бойынша құрылған, жоғары басқару органы Жоғары қамқоршылық кеңес болып табылатын коммерциялық емес ұйым;

2) бір мезгілде мынадай талаптарды сақтаған кезде:  
Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған;  
жоғары басқару органы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған  
Жоғары қамқоршылық кеңес болып табылатын;  
Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мынадай деңгейлер:  
бастауыш, негізгі және жоғары мектеп;

орта білімнен кейінгі білім беру;  
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;  
қосымша білім беру бойынша білім беру қызметінің бір немесе бірнеше түрін  
жүзеге асыратын коммерциялық емес білім беру ұйымы;

3) бір мезгілде мынадай талаптарға сай келетін:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам  
б о л ы п т а б ы л а т ы н ;

осындай қоғамның дауыс беретін акцияларының 50 және одан да көп пайызы осы  
тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаға тиесілі болатын;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес денсаулық сақтау  
саласындағы қызметті жүзеге асыратын Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық  
х о л д и н г ;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында аталған ұйымды қоспағанда, егер бір мезгілде  
мынадай талаптарға сай келетін:

осындай ұйымның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан  
да көп пайызы осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында аталған тұлғаларға тиесілі  
болатын не осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалар ғана құрған  
коммерциялық емес ұйым болып табылатын;

осындай ұйымның өтеусіз алынған мүлік және депозиттер бойынша сыйақылары  
түріндегі табыстарын ескере отырып, жылдық жиынтық табысында алған  
табыстарының кемінде 90 пайызын мынадай қызметтің бір немесе бірнеше түрін:  
медициналық қызметтер көрсетуді (косметологиялық, санаторий-курорттық  
қ ы з м е т т е р д і қ о с п а ғ а н д а );

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген білім беру қызметінің  
м ы н а д а й д е ң г е й л е р і :

бастауыш, негізгі және жоғары мектеп;  
орта білімнен кейінгі білім беру;  
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;  
қосымша білім беру бойынша қызметтер көрсетуді;  
ғылым саласындағы қызметті, атап айтқанда: іргелі және қолданбалы ғылыми  
зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық, ғылыми-зерттеу  
қ ы з м е т і н ;

осы тармақшада көрсетілген қызмет түрлері бойынша консультациялық қызметтер  
көрсетуді жүзеге асырудан алынған табыс құрайтын ұйым дербес білім беру ұйымы  
д е п т а н ы л а д ы .

Осы тармақшаның мақсаттары үшін осы тармақшада көрсетілген қызмет түрлерін  
жүзеге асырудан алынған және жұмсалған құрылтайшының түсімдері де жоғарыда  
көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған табыстар деп танылады;

5) осы тармақтың 3) тармақшасында аталған ұйымды қоспағанда, егер бір мезгілде

мынадай талаптарға сай келетін:

осындай ұйымның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында аталған тұлғаларға тиесілі болатын не тек қана осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалар құрған коммерциялық емес ұйым болып табылатын ұйым дербес білім беру ұйымы деп т а н ы л а д ы ;

осындай ұйымның есепті салық кезеңіндегі табысы ғылым саласындағы мынадай қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін жүзеге асырған жағдайда салық салудан б о с а т ы л а д ы :

Ғ ы л ы м и - т е х н и к а л ы қ ;

и н н о в а ц и я л ы қ ;

іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-зерттеу.

Жүзеге асырылатын қызмет түрлерін осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген ғылым саласындағы қызмет түрлеріне жатқызу ғылым саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның қорытындысымен расталады.

Ұйымдар мынадай қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін: медициналық қызметтер көрсетуді (косметологиялық, санаторий-курорттық қызметтерді қоспағанда);

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген білім беру қызметінің мынадай деңгейлері:

бастауыш, негізгі және жоғары мектеп;

орта білімнен кейінгі білім беру;

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;

қосымша білім беру бойынша қызметтер көрсетуді;

аталған қызмет түрлері бойынша консультациялық қызметтер көрсетуді жүзеге асырса, оларға осы тармақша қолданылмайды.

2. Дербес білім беру ұйымы бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын анықтаған кезде осы Кодекстің 139-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы 100 пайызға азайтылады.

Осы баптың 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында аталған дербес білім беру ұйымының алған таза табысы немесе мүлкі қатысушылар арасында бөлінген салық кезеңдері бойынша осы тармақтың ережесі қолданылмайды.»;

5) 141-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы «салық төлеушілер корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептемейді және төлемейді, оның ішінде алдыңғы салық кезеңі үшін корпоративтік табыс салығы жөніндегі декларацияны тапсырғанға дейінгі және кейінгі кезеңдері үшін төленуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының есеп-қисабын табыс етпейді.» деген сөздер «салық төлеушілер;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағының талаптарына сай келетін салық төлеушілер корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді есептемейді және төлемейді, оның ішінде алдыңғы салық кезеңі үшін корпоративтік табыс салығы жөніндегі декларацияны тапсырғанға дейінгі және кейінгі кезеңдері үшін төленуге жататын корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының есеп-қисабын табыс етпейді.»;

6) 156-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 41) тармақшамен толықтырылсын:

«41) осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағында аталған дербес білім беру ұйымының резидент шетелдік тұлғаға қатысты осындай ұйымның жұмыстарын орындау, оған қызметтер көрсету бойынша оның Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты іс жүзінде мынадай:   
т ұ р у ғ а ;   
м е д и ц и н а л ы қ с а қ т а н д ы р у ғ а ;

Қазақстан Республикасынан тыс жердегі тұрғылықты жерінен Қазақстан Республикасында осындай қызметті жүзеге асыратын жеріне дейін және қайтар жолында әуе көлігімен ұшуға жұмсаған шығыстары түріндегі материалдық пайда.»;

7) 193-баптың 5-тармағының 14) тармақшасындағы «төлемдер салық салуға жатпайды.» деген сөздер «төлемдер;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

« 1 5 ) м ы н а д а й :   
осы Кодекстің 135-1-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында аталған дербес білім беру ұйымдарына ;

осы Кодекстің 135-1-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында айқындалған қызмет түрлері бойынша осы Кодекстің 135-1-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында аталған дербес білім беру ұйымдарына жұмыстар орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен табыстар салық салуға жатпайды.»;

8 ) 1 9 8 - б а п т а :   
1-тармақ «Егер осы Кодекстің» деген сөзден кейін «осы бабында және» деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығын анықтаған кезде, егер осындай резидент емес заңды тұлғаның жылдық жиынтық табысында алған табыстарының кемінде 90 пайызын мынадай:

1) осы Кодекстің 135-1-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында аталған дербес білім беру ұйымдарына жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден;

2) осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында айқындалған қызмет түрлері бойынша осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында аталған дербес білім беру ұйымдарына жұмыстарды орындаудан,

қызметтерді көрсетуден алған табыстар құраса, осы Кодекстің 139 және 199-баптарына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайтады.»;

9) 201-баптың 8-тармағының 13) тармақшасындағы «төлемдер салық салуға жатпайды.» деген сөздер «төлемдер;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармақшасында аталған дербес білім беру ұйымының резидент емес жеке тұлғаға қатысты осындай ұйымның жұмыстарын орындау, оған қызметтер көрсету бойынша оның Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты іс жүзінде мынадай:

т ұ р у ғ а ;  
м е д и ц и н а л ы қ с а қ т а н д ы р у ғ а ;

Қазақстан Республикасынан тыс жердегі тұрғылықты жерінен Қазақстан Республикасында осындай қызметті жүзеге асыратын жеріне дейін және қайтар жолында әуе көлігімен ұшуға жұмсаған шығыстары түріндегі материалдық пайда салық салуға жатпайды.»;

10) 241-баптың 6-тармағының 2) тармақшасындағы «жүргізілсе, осы баптың ережелері қолданылмайды.» деген сөздер «жүргізілсе;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) жұмыстар мен қызметтер:

осы Кодекстің 135-1-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында аталған дербес білім беру ұйымдарына;

осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында айқындалған қызмет түрлері бойынша осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында аталған дербес білім беру ұйымдарына көрсетілген жұмыстар, қызметтер болып табылса, осы баптың ережелері қолданылмайды.»;

1 1 ) 2 7 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) қосылған құн салығының асып кеткен сомасын қайтару туралы талап көрсетілген, қосылған құн салығы жөніндегі декларацияны табыс ету күні салық есептілігін табыс ету бойынша орындалмаған салық міндеттемелері жоқ, осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағында айқындалған дербес білім беру ұйымдарының қосылған құн салығының асып кеткен сомасын қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға қ ұ қ ы ғ ы б а р ; » ;

3-тармақтың 1) тармақшасындағы «1) тармақшасында» деген сөздер «1) және 1-1) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 357-баптың 3-тармағындағы «34) тармақшаларында» деген сөздер «34), 41) тармақшаларында және 201-бабы 8-тармағының 14) тармақшасында» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 387-баптың 3-тармағы «3-тармағында» деген сөздерден кейін «және 135-1-бабының 1-тармағында» деген сөздермен толықтырылсын;

1 4 ) 3 9 8 - б а п т а :

1-тармақтағы «3-тармақтарында» деген сөздер «3, 3-1-тармақтарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Осы Кодекстің 135-1-бабының 1-тармағында айқындалған заңды тұлғалар мүлік салығын салық базасына 0 пайыздық ставка бойынша есептейді.»

4. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат):

1) 1 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

42) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«42) Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдинг – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, денсаулық сақтау саласындағы, оның ішінде ядролық медицина саласындағы қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;»;

мынадай мазмұндағы 122) тармақшамен толықтырылсын:

«122) ядролық медицина – онкологиялық ауруларды қоса алғанда, адам ағзасы мен жүйесінің әртүрлі ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды емдеу мақсатында радиоактивті элементтер мен иондандырушы сәулелену қолданылатын медицина саласы.»;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 27-1) тармақшамен толықтырылсын:

«27-1) Қазақстан Республикасында ядролық медицинаны дамыту тұжырымдамасын бекітеді;»;

3 ) 1 7 0 - б а п т а :

5-тармақ «қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарында» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдингте және оның еншілес ұйымдарында» деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ «қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарында» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдингте және оның еншілес ұйымдарында» деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ «қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарында» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдингте және оның еншілес ұйымдарында» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 172-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы «қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарында» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ Денсаулық саласындағы ұлттық холдингте және оның еншілес ұйымдарында» деген сөздермен толықтырылсын;



5) 176-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық холдингте және оның еншілес ұйымдарында, сондай-ақ «Назарбаев Университетінде» немесе оның медициналық ұйымдарында медициналық қызметпен айналысу құқығын беретін немесе кәсіптік медициналық қызметті жүзеге асыруға шақырылған мамандардың шетелде алған біліктілік санатын куәландыратын құжат Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санат берілмей-ақ маман сертификатына теңестіріледі.».

5. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат):

1) 16-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігіндегі талаптар:

1) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес құрылған қор биржаларының қайта құрылу;

2) коммерциялық акционерлік қоғамдардың «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес білім беру ұйымдары болып қайта құрылуы жағдайларына қолданылмайды.»;

2) 17-баптың 2-тармағындағы «Нотариалдық» деген сөз «Дербес білім беру ұйымдары, нотариаттық» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 19-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Дербес білім беру ұйымының ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайда акционерлік қоғам болып қайта құрылуы нәтижесінде құрылуы мүмкін.»;

4) 23-баптың 3-тармағы «мекемені» деген сөзден кейін «, дербес білім беру ұйымын» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 39-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Осы баптың 1-3-тармақтарының ережелері дербес білім беру ұйымдарына қолданылмайды.».

6. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат):

11-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға жыл сайын квота белгілейді.

Осы Заңның шетелдік жұмыс күшін квоталау және оны тартуға рұқсат беру туралы н о р м а л а р ы :

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығында басшылар және мамандар лауазымдарында жұмыс істейтін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен расталған құжаттары бар орта білімнен кейінгі және жоғары б і л і м д і ;

дербес білім беру ұйымдарында, олардың ұйымдарында, сондай-ақ «Назарбаев Қорында» басшылар және мамандар лауазымдарында жұмыс істейтін жоғары білімді шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.»

7. «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат ; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16,99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат ; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

1) 34-баптың 4-3-тармағы «Қазақстан» деген сөздің алдынан «Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 86-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоғам (акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымды қоспағанда) шаруашылық серіктестігі немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуға құқылы, қайта құрылатын қоғамның барлық құқықтары мен міндеттері өткізу актісіне сәйкес оған ауысады.

Қоғам «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және « Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайда дербес білім беру ұйымы болып қайта құрылуға құқылы.»

8. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар):

4-баптың 9-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мемлекеттік органдар, дербес білім беру ұйымдары және олардың ұйымдары, оның ішінде аталған ұйымдарда білім беру бағдарламаларын енгізетін және (немесе) іске асыратын шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі Қазақстан

Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратын қызметті қоспағанда, лицензиялау талап етілетін қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруға немесе белгілі бір іс-әрекеттер (операциялар) жасауға лицензия болған жағдайда ғана жол беріледі.».

9. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

1) 14-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«9. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, білім беру ұйымы лицензиясы болған жағдайда әртүрлі деңгейдегі оқыту бағдарламаларын іске асыруға құқылы.»;

2) 26 - б а п т а :  
мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:  
«3-1. Дербес білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау ұлттық бірыңғай тестілеу рәсімін қолданбастан, аталған ұйымдар айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

5-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«1-1) дербес білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар адамдардың;»;

3) 39-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Дербес білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарға теңестіріледі.»;

4) 40 - б а п т а :  
2-тармақтағы «Білім» деген сөз «Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, білім» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «Білім» деген сөз «Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, білім» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 47-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:  
«6-1. Білім беру саласындағы уәкілетті орган «Назарбаев Зияткерлік мектептерін» бітіргеннен кейін білім туралы құжат алған адамдарға білім беру гранттарын алуға арналған конкурсқа қатысу үшін ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері туралы сертификаттар береді. Сертификаттардың балдары білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін шәкіл бойынша қорытынды бағаларды (балдарды) ауыстыру арқылы белгіленеді.».

**2-бап.** Осы Заң, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК